

Таварқетан

МҰҒАЛШЫМ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1935 жылғы
20 наурыздан шығады

Газет айына екі рет шығады

№4 (3487), 28 ақпан, 2017 жыл

Еркін баға

Жолдауды қолдаймыз

Дамудың тірегі



Қазақстан 25 жыл ішінде қарқынды, әрі мақсатты дамып әлем сахнасында беделді орынға ие болды. Бұл жетістік алғашқы екі жаңғыру кезеңдерінің нәтижесі болып табылады. Биылғы Қазақстанның үшінші жаңғыру: «жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты өз Жолдауында Елбасы жаңғыртудың үшінші кезеңіне көшетінін мәлімдеген. Енді біз жаһандық экономиканың қауіп-қатерлеріне төтеп беру үшін, жаңа экономикалық модельді ойлап табуымыз қажет екенін атап өткен. Ол модель

жаңғыртудың үшінші кезеңіне сай келуін және көптеген салаларды қамту керек екенін айтты. Жалпы, бұл арнайы мәлімдемеде келтірілген негізгі экономиканың дамуын қамтамасыз ететін тетіктерге келетін болсақ, өзіміз көріп отырғандай, ендігі кезекте шикізаттық бағыттан индустриалды бағытқа бет бұрып, сонымен қатар банктік сектор арқылы жекеменшік секторын дамыту арқылы экономиканың өсуін қамтамасыз ету.

Бұқаралық кәсіпкерлік қоршаған орта, орта және шағын бизнесті дамыту экономиканың өсуін қамтамасыз етуге өзінің септігін тигізуі керек.

Әрине, экономиканың өсуі адам капиталының дамуынсыз болмайды. Сондықтан білім беру жүйесінің рөлін өзгерту, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру, жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу және үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленуі керектігі, оның ішінде қазақ тілінің басымдығын сақтауға және әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінетіндігі айтылды.

Еліміздің білім беру мекемелері 2019 жылдан бастап кезең-кезеңмен үш тілді білім беру жүйесіне көшетіндігі және кейбір пәндердің ағылшын тілінде жүргізілетіндігі айтылды. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар

атқарудың маңызы зор. Себебі, бүгінде әлемде 90 пайыз ақпарат ағылшын тілінде шығады. Ағылшын тілінің қолданысы әр екі жыл сайын еселеніп келе жатыр. Сондықтан Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде тілді жеткілікті деңгейде игеру мәселесін шешу үшін студенттер мен оқытушылар үшін қалауы бойынша өзге де ағылшын тілін үйрету курстары ұйымдастырылды. Бірнеше топтарда қоғамдық және арнайы пәндер ағылшын тілінде жүргізіліп жатыр.

IT саласын дамыту үшін колледж қабырғасындағы білім сапасы жетілдіріліп жатыр.

Сапалы IT мамандарын дайындау – жақсы білім беруден басталуы тиіс. Сондықтан колледж студенттері төмендегі бағыттарды оқып меңгереді: электроника, роботты техника, бағдарламалау, CAD инженерлік дизайн, интернетпен басқарылатын зат, толықтырылған нақтылық, 3D үлгілеу, прототиптеу.

Әр түрлі бағытта ілгерілеп даму арқылы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену. Жолдауда көтерілген мәселелердің ұлттық идея болуы да сондықтан. Әрбір қазақстандық азамат Елбасымыздың бастамаларына қолдау білдіріп, бірлікпен алға басуы керек деп ойлаймын.

Нұрдәулет ЖАБЫҚБАЕВ,
Алматы мемлекеттік
политехникалық
колледжінің директоры.

Алматы.

Жаңалықтар

Ойлап тапты

Павлодарда № 19 жалпы орта білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі Алмас Серікбаев балаларға тәжірибелік жұмыстарды орындауды жеңілдететін мобильдік қосымшаның қазақ тіліндегі нұсқасын құрастырды. «Бұл жоба ұялы телефондар арқылы 3 D форматында түрлі логикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға мүмкіндік береді. Android-Delphi XE 5 бағдарламасы арқылы оқушылар суреттер мен сандарды қойғаннан кейін телефондарында орнатады. Андроид төрттен жоғары болуы керек. Сондай-ақ, түрлі анимацияларды құрастырып, пішіндердің градустары мен бұрыштарын табуға болады. Бүгінде ұялы телефондарда 10 шақты жұмыс жасалды. Физика, математика, информатика және басқа да пәндер бойынша қолдануға болады», - дейді Алмас Серікбаев. Ұстаздың айтуынша, мобильді қосымша ұстаздарға көрнекі құралдарды 3 D форматында көрсете отырып, оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятады. Бұдан басқа, ол оқушыларымен бірге жүк тасымалдайтын робот құрастырған. Айта кетерлігі, Алмас Серікбаев жас бағдарлама жасаушылар мен дербес компьютер пайдаланушыларының V республикалық «Алтын диск» байқауында «Жанашыл ұстаз» аталымын жеңіп алған. Сондай-ақ ол «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» халықаралық байқауының үшінші орын иегері, республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының жеңімпазы.

Саны артты

Ағымдағы жылы Қазақстанда жоғары оқу орындарына түсуге арналған білім гранттарының саны артты. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде ведомство басшысы Ерлан Сағадиев мәлім етті. «Үстіміздегі жылы жоғары білім беру жүйесінде гранттар саны бакалаврлар үшін 31 мыңнан 36 мыңға, магистранттар үшін 7 мыңнан 10 мыңға, докторанттар үшін 600-ден 1 мыңға арттырылды. Бұл өте байыпты өсім», - деді министр. Дегенмен, Ерлан Сағадиев алқа мәжілісі барысында өңір әкімдерінен облыстың ерекшеліктеріне байланысты жергілікті жоғары оқу орындарында оқу үшін өз гранттарын бөлуді өтінді.

Гүлбану КАЛИЕВА,
№275 орта мектептің мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Байқоңыр қаласы.

Марлан ЖИЕМБАЙ.

Жаңа реформалардың бастауы

Былтыр ғана Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толған еліміз үшін биылғы 2017 жыл да табысты жыл болмақ. Оған дәлел Алматыда өткен бүкіләлемдік «Универсиада – 2017» спорттық ойындары мен санаулы айлардан соң өткізілгені отырған халықаралық дәрежедегі «ЭКСПО – 2017» көрмесі. Осы және бұдан да басқа жетістіктерінің арқасында бүгінде еліміздің кез келген саладағы өркендеуін әлем мойындаған. Алдыңғы қатардағы 30 мемлекеттің қатарына кірмекке ұмтылып, қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанның жаһан жұртының алдындағы беделі биік, табысы да мол.

25 жылдың ішінде жеткен жетістіктеріміз мықты Президенттік биліктің арқасында болса, енді демократияландыру үлесі белең алып, мықты Парламент, билікті Үкімет болуы тиіс екендігі анық. Мұны да өз көрегендігінің арқасында көре білген Елбасымыз үстіміздегі жылдың 25 қаңтарында Елбасымыздың халыққа билік тармақтары арасындағы өкілеттіліктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуін жариялады. Бұл үндеудің еліміз үшін тарихи, экономикалық және са-

яси жағынан да маңызы зор. Үндеуде Елбасымыз еліміз үшін аса маңызды, тағдырлы мәселені ұсынды.

Екі негізгі бағыт бойынша іске асатын реформа мемлекеттік басқару тиімділігін күшейтетіні анық. Ол біріншіден, Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға беру арқылы Үкімет, министрліктер және әкімдіктердің толықтай жауап беретінін көздесе, ал екіншіден билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты конституциялық деңгейде теңгерімді ету. Яғни осы реформаның аясында Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлі күшейтіліп, Парламент сайлауында жеңген партия Үкімет құрамын анықтауға түбегейлі ықпал ететін болады.

Бұл министрлер кабинетінің өкілетті билік алдындағы жауапкершілігін арттырады. Тиісінше, биліктің заң шығарушы тармағының атқарушы билікке бақылауын күшейтеді. Осылайша билік тармақтары арасындағы өкілеттіліктерді қайта бөлуді

конституциялық реформалау арқылы жүзеге асыруды көздеген Елбасы үндеуін жиынға қатысушы ұстаздар мақұлдап, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Мектебіміздің тарих және құқық пәндерінің білікті мұғалімдері – Бағыла Кенжалиева мен Айгүл Агибаева өз баяндамаларында Елбасы үндеуінің тарихи мәні мен мағынасын, құқықтық аспектілерін жан-жақты түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, баяндамада Президент құзырындағы 40-қа жуық өкілеттіліктің алдағы уақытта Үкімет пен Парламентке берілетіні айтылды. Мұғалімдер өз баяндамаларында ең бастысы, Президенттің үндеуінде айқындалған өзгерістер жай ғана өзгерістер емес, бұл – конституциялық жолмен еліміздің саяси жүйесіне өзгерістер енгізу арқылы еліміздің дамуындағы саяси маңызды парасатты қадам екендігіне баса тоқталды.

Гүлбану КАЛИЕВА,
№275 орта мектептің мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Байқоңыр қаласы.

МЕНІҢ ТӘЖІРИБЕМ

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі

Оқу үрдісін талапқа сай жүргізуде мұғалім – басты тұлға. Сондықтан да шығар қазіргі сабақ қандай болу керек, оның қандай жақтары жеткіліксіз, қай саласына көп мән беру керек, күнделікті сабақтың сәтті өтуін қалай қамтамасыз етуге болады деген сан алуан сұрақтар әрқайсымызды толғандырып жүргені сөзсіз.

Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, сынып типіне, төртіншіден мұғалім мен оқушының көңіл-күйіне де байланысты.

Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді.

Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді. Менің ойымша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау.

- Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

- Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

- Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

- Сабаққа алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану.

Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстыру жүргізіп отыру қажет. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да қажет болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.

- Сабақ – күрделі психологиялық және дидактикалық процесс, онда оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас жасау және тәрбиелеу міндеттері іске асырылады.

- Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар жүйесі

- Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны, жоспары және оның құрылымы алдын-ала белгілі болуы тиіс.

- Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет.

- Сабақтың ғылыми мазмұны оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай ұғынымды, түсінікті болуы керек. Сондай-ақ сабақта оқушылардың бойында біліктер мен дағдыларды қалыптастыру міндеті жүзеге асырылуы тиіс.

- Сабақтың мазмұны оқытатын

пәннің бағдарламасына сәйкес болуы және әрбір сабақ басқа сабақтар жүйесінің буыны болуы міндетті нәрсе.

- Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін проблемалық ситуациялар туғызып, проблемалық міндеттер мен тапсырмаларды орындауға басшылық ету қажет.

- Сабақтың сапасын жақсарту үшін мұғалім оқушылармен қарым-қатынас жасау шеберлігін арттырып отыруы керек. Педагогикалық қарым-қатынас мұғалімге оқушылармен рухани байланыс жасауға мүмкіндік береді. Білім арқылы қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас арқылы білім алу керек деген қағиданы іске асыру пайдалы.

- Сабақта оқушыларға білім берумен қатар оларды өздігінен білім алудың әдіс-тәсілдеріне үйрету міндет.

- Сабақ оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін бір-тұтастық принципке сай жүргізуі тиіс.

- Сабақтың дидактикалық құрылымы немесе кезеңдері бірізділікте, бір-бірімен өзара байланыста, бір-бірі толықтырып тұрулары қажет.

- Сабаққа дайындалу және оны өткізу барысында мұғалімнің сыныптағы, мектептегі нақтылы жағдайды, оқу кабинетінің жабдықталуы, оқу-техникалық, көрнекілік құралдарының нақты қолда болуы, тұрғылықты жердегі табиғат, өндіріс ресурстарын пайдалану тағы сол сияқтыларды ескеріп отыруы шарт.

Сабақтың талабын орындау мен оны түсінуге байланысты, мұның өзі әлеуметтік сұранымға қатысты анықталып, оқушылардың жеке басының қажетсінуіне орай құрылады, оқыту мақсаты, міндеттері, заңдары мен принциптері басшылыққа алынып, жоғарыдағы іс-әрекеттің мазмұнын айқындайды.

- ғылым жетістіктерінің жаңа түрін озық іс тәжірибені, оқу-тәрбие үрдісінің негізгі заңдарына құрылған сабақты;

- сабақты өту үрдісінде, барлық дидактикалық принциптер мен ережелер;

- бұрынғы білімді байланыстыруға, оны меңгеруде икем-қабілетін және оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы тірек-тік ұғымдарға сілтеме жасау;

- педагог оқу-құралдарын ұтымды қолдануы;

- алған білімнің, өндірістік қызмет-пен, оқушының жеке іс-тәжірибесімен байланысты жүзеге асыруы;

- білімнің, икемнің, қабілетін тәжірибеде қалыптастыру, оны ойлау амалы мен іс-әрекетке тиімді қолдануы;

- сабақты диагностикалау, жоспарлау, жобалау және болжауы.

Әрбір сабақ тұтас педагогтық процестің функциясын жүзеге асыруға бағытталған: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Соның нәтижесінде сабақ көпжоспарлы, құрылымы әр түрлі болып келуі мүмкін. Сабақ құрылымының ерекше көп тараған түрі барлық дидактикалық міндеттерді шешуге: білімді енгізу, жаңа материалды зерделеу, өткен матери-

алды бекіту, бақылау, оқушылардың білімін бағалау, үйге тапсырма берумен байланысты.

Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.

Сабақта оқушының оқу қызметін ұйымдастыру бұл оқушы мен мұғалімнің сырттай үйлесімді қызметі, оның өзі белгілі бір тәртіп талабынан құрылады.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы өзара байланысты екі кезеңнен тұрады:

- сабақтарды тақырып бойынша жоспарлау және осы жоспарлауды сабаққа сәйкес нақтыландыру,

- әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастыру.

Тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқыту-тәрбиелік үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге, негізгі дидактикалық мақсатына байланысты, сабақтың әр алуан тұрпаты және түрлерімен қоса оқушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді. Тақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе мұғалімнің оқушылар нені білулері керек деген сияқты мәселелерді қаншалықты терең ойластырғанына байланысты болып келеді.

Сонымен мұғалімнің сабаққа дайындығы дегеніміз – тек оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы материалмен жұмысы кезінде пайда болуы мүмкін сұрақтары, жауаптары, пайымдаулары, оны қабылдауы, түсінуі.

Бала бойындағы дарындылықты ашуда әрбір ұстаз өз сабағын жаңашыл әдіс-тәсілдерге сүйеніп жүргізе өскелең жастың өмірге нақты көзқарасын қалыптастыра алады. Дәстүрлі және дәстүрден тыс сабақтарды оқушылармен жүйелі өткізу олардың сол пәнге деген қызығушылығын арттырады

1. Ойлау қабілеті басым, түрлі болжам жасауға қабілетті, қиялға ұшқыр, өзін тануға құштар келеді.

2. Шығармашылықпен айналысуға, өз білімін сынауға тырысады.

3. Қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, табиғатты танып білуге тырысады.

4. Ақыл-ой қабілетін тек өзін қызықтыратын іске бағыттайды.

Нәтижесінде оқушы оқулық материалымен шектеліп қана қалмай, қосымша материалдармен өз білімін толықтырады, сонымен бірге оқу, сөйлеу, жазу белсенділігі артады, кез-келген биологиялық заңдылықтарға талдау жасай біледі, өзіндік пікір қалыптастыратын, шешендік өнерді игерген тұлғаға айналады.

Нұржан ИМАНБАЕВ,
Малайсары жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Май ауданы.

Мен кімін? Бойда – тасыған қуат, арындаған жігер, ойда – ақ арман, биік мақсат қана бар арым да, жаным да таза пәк жанмын. Өмір көпке бірдей жарық, жарқын болса екен деген жас ұланмын. Мен – Ұстазым!

Ұстаз дегеніміз кім өзі, олардың бұл өмірде алатын орны қандай? Бұл сұраққа әр адам еш қиналмастан жауап бере алады, себебі, әр адамның анасынан кейінгі бағып-тәрбиелеген, жақсы мен жаманды танып-білуге, айыруға үйреткен жан ол – ұстаз.

Мұғалім – ол бұл өмірдегі ең ардақты, қасиетті жан. Ол әр мамандықтың биік шыңына шығып, жарқырап тұрар сәуле. Мұғалім – зор тұлға, ол күннің күдіретті шуағы іспетті. Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Бұл өмірде қаншама көптеген мамандық бар, бірақ біздер, біздің қоғам, неге соның ішінде ұстаз, мұғалімдік мамандығына ерекше ден қойып, құрмет тұтып, қастерлейміз? Өйткені, бар мамандықтың бастауы – ұстаздың қолында. Мұғалім ең жауапты міндет орындайды – ол адамды, тұлғаны қалыптастырады. Ол өзінің бойындағы бар мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Егер ұстаз болмаса, біз білімді кімнен алар

◆ Мамандығым – мақтанышым

Қазіргі заманғы ұстаз

едік...? Міне, сондықтан да барлық өзге мамандық ұстаздың, мұғалімдік мамандықтың алдында бас иеді.

Мына бір ұлағатты сөз көкейіме ұялап алды: «Мұғалім – өзгеге жарық бере отырып, өзі жанып кететұғын шам». Осы жолдарды оқыған сайын шамның орнында мұғалімді елестетесің. Ұстаз ғой үмітке сендіре отырып, баланы қолынан жетелеп биік белестерге жеткізіп, асулардан асырар жан. Ешбір ұстаз жетелеп келе жатқан баланың қолын ұсынан шығарып, оны орта жолда қалдырмайды. Сондықтан да, бар мамандық иелері ұстаз алдында бас иеді. Мұғалімдік мамандықтың ең негізгі ерекшелігі – ол баланың көз алдында рухани байып келе жатқандығын бақылау. Жылдар өте келе олардың есейген әрі сыйлы азамат болғандығын көру.

Мен әр күн сайын мектепке қарай асығамын. Құдды, мектеп менің екінші үйім болып кеткен тәрізді. Мен өз білімді жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізгім келеді. Мен тек мұғалім болып қана қоймай, бар адамға сыйлы, ең білімді, өз білгенін өзгеге жеткізе білген ұстаз атанғым келеді. Баламен жұмыс істеу – менің парасаты парызым, оның қаншалықты қиын екенін түсінемін, соған қарамастан бұл жұмыстан ешқашан бас тартпаймын. Педагогикалық шеберліктің ең биік шыңына қарай бет аламын. Мен өз оқушыларымды жақсы көремін, олардың пікірлерін сыйлаймын, қызығушылықтарымен санасамын. Осы үш негізгі қағиданы басшылыққа ала отырып жұмыс жасауды жөн көремін.

Менің бүгінгі таңда білім беру саласында жалпы еңбек өтілім 10 жыл, педагогикалық еңбек өтілім 3 жыл. Бұл аз ба, көп пе, бірақ мен үшін ұмытылмас, қызықты жылдарым.

Әр бала бір әлем ғой. Алға үмітпен талпынған олардың алдында менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар екенін сезінемін. Сондықтан да



менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым да өте жоғары. Бүгінгі қоғамның да, қазіргі заман мектебінің де сұранысы дәл осындай.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген нақыл сөз бар. Бұл сөздің тереңіне үңілер болсақ, бәрін де түсінеміз. XXI ғасырдың ұстазы қандай болуы керек және шәкірті қандай болмақ? Бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістер, ғылыми-техникалық прогрестің алға басуы бізді орнымызда жай отырғызып қоя алмайды.

Заман қандай, заманға сәйкес адамдары да сондай болуы қажет.

Шәкірттің тағдыры – ұстаздың қолында. Ұстаз білімді болса, оқушы да заман талабына сай білім алады. Ең бастысы, ұстазға жұмыс жасау мүмкіндігі, ал оқушыға озық үлгідегі оқу орны керек. Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, білімінде. Ұрпағымыз білімді болса ғана біз еліміздің егемендігін сақтап қала аламыз. Жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беріп, қазақ елінің туын биікке көтерер азаматтар мен азаматшалар, елін сүйетін нағыз патриоттар дайындау – ол біздің, яғни ұстаздардың негізгі міндеті.

Еліміздің әрі қарай өркендеуі үшін бізге жас буынды тәрбиелейтін нағыз ұстаздар қажет. Ол ұстаздар: жоғары білімді, болжағыштық қасиеті бар, ұшқыр ойлы, өз мамандығын толық меңгерген, балаға жақсы тәрбие бере алатын, бірнеше тілді меңгерген, жаңа техника мен технологияны пайдаланып жұмыс жасай білетін болуы керек.

Сонда, осы барлық жағымды қасиеттерді бойына сіңірген ұстаздың өмірден күтетін сыйы қандай? Атақ па? Марапат па? Жоқ, ең бастысы – баланың саған қарап күлімдеген көздері, жарқыраған жанары. Мен балалардың көзінен қуаныш көру үшін жұмыс жасаймын, өмір сүремін, демек менің мамандығым – жер бетіндегі ең негізгі мамандық! Әлемдегі барлық мамандықтардың анасы!

Өз ойымды Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деген сөзбен қорытындылағым келеді.

Жанәгуль АУБАКИРОВА,
«Малайсары жалпы орта білім беретін мектеп» ММ мұғалімі.
Павлодар облысы,
Май ауданы.



Білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі бастауыш-та қаланатын болғандықтан, оқушының жеке

тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Мақсаты: Бастауыш сыныптарда белсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау, белсенді әдіс-тәсілдерді педагогикалық қуатты құралдармен ықпалдастырудың тиімділігін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан айқындау.

Оқушылардың белсенділігін дамыту

Міндеттері: оқушылардың шығармашылық белсенділік пен танымдылық қабілеттерін дамыту, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру және қолдану; тұлғалық және танымдық дамуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже: Жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді әдістер мен тәсілдерді және инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігі дамиды. Бастауыш сыныптардағы оқыту мен оқу үдерісінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады, функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның дамуын басқару қажеттігі айқындалып отыр. Оқыту мен оқу әрекетінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, баланың ақыл-ойының дамуында зор рөл атқаратындығы белгілі. Ал оқыту барысында ақыл-ойдың, интеллектінің дамуы, «оқи алуға үйрену» бүгінгі күннің басты талабы. Оқушылардың оқу әрекеті – ол орындайтын әрекеттердің жетекшісі, негізгісі. Оқу әрекеті арқылы осы кезеңге тән психологиялық жаңа құрылымдар теориялық сана және ойлау қалыптасады. Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Ендеше оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Осы орайда сабақ сапасын арттыру барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе болғандықтан бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақты өткізудің стандарты, көптеген мұғалімдердің сабақ үрдісін түгелдей дерлік жаулап алған дәстүрлі сабақтарды айтуға болады. Күн сайын өтетін, тіпті тамаша көрнекіліктер арқылы болса да, жаңа сабақты түсіндіру, үй тапсырмасын сұрау және қорытындылау сияқты жаттанды кезеңдерден тұратын классикалық немесе дәстүрлі сабақ оқушыларды жалықтырады, білімге ынтасын төмендетері сөзсіз. Сондықтан, әр мұғалім өз жұмысында сабақты жандандырудың әдіс-тәсілдерін іздестіруді, бұған оқушыларды тарту білуді, олардың белсенді шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыра білуі міндет.

Әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысуын талап етеміз. Әдебиеттік оқу сабағында өздері сұрақтар құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдарына мақсат қоюға үйретеміз. Оқушыларда Чиксентмихай (2008) «өзіндік

мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіспіз. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай ұмтылыспен қызығушылық пайда болады. Әр мұғалім оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, қызығушылықтарын, әр оқушы нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысу қажет. Сондықтан да өзіме «Оқушының тіл сабақтарында сөздік қорларын молайтуға арналған әртүрлі жұмыс түрлерін қолдану, бала қиялының дамуына ерік беруді» мәселе қылып алдым.

Оқушылар әр сабақта жүйелі білім ала отырып, өздері еш қиналмастан еркін жауап беру арқылы сабақта жақсы жетістіктерге жетті. Мұғалімнің көмегісіз өтілген тақырып бойынша тапсырманы орындауды өз беттерінше меңгеріп жеке, жұпта, топта жұмыс жасауға қалыптасты. Бір-бірлерінің пікірін тыңдауға үйренді.

Сыни тұрғыдан ойлаулары дамыды, өзін-өзі және өзара бағалауды жетік меңгерді. Критерийге сай жұмыстарды орындауда олардан нәтиже алудың жолдарын табуға қолдары жетті. Кері байланыс жасауды үйренді. Кері байланыс жасағанда мұғалімге өздерін толғандырып жүрген сұрақтары мен ұсыныстарын жазады. Сонымен қатар бастауыш сыныптарда интербелсенді әдістерді пайдалану мүмкіндігі анықталды. Нәтижесінде сыныптың білім сапасы артты. Республикалық сайыста І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негіздеу кең таралған тәсілдің бірі деп саналады. Осы тақырыпта республикалық ғылыми-педагогикалық журналда «Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда интербелсенді әдістердің тиімділігі» тақырыбында мақала жарық көрді. Сондай-ақ bilim.all.kz ақпараттық-танымдық порталында 7 модульді тиімді ықпалдастыру барысында «Әбілхан Қастеев» тақырыбында материалым жарияланды. “Ұшқыр ізденіс пен шығармашылық шабыт – 2015” педагогикалық жобалар байқауының аудандық кезеңінде IV секция бойынша жүлделі III орынмен марапатталдым.

Әрбір оқушының жеке басының дамуына көңіл бөліп, жаңа үрдісте оқушының қызығушылығын оятып, шығармашылыққа жетелеймін. 2015 жылы 2-сынып оқушыларым Т. Оралбекұлы, Д. Сағындықова, Ш. Мұратқанова «Айналайын» интеллектуалдық облыстық сайысына қатысып ІІ, ІІІ орынға ие болды.

Қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Тәжірибеммен бөлісу мақсатында «Кішкене тау орта мектебінде» 3-сыныпқа «Денелер. Заттар. Табиғи құбылыстар» тақырыбында ашық сабақ өткізіп ұстаздардың мол ықыласына бөлендім. Ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейлі болуы тиіс. Сыныпта «оқуды үйрететін» білім ортасын құру қажет.

Толкын МУСТАФАЕВА,
«Қарабұйрат орта мектеп-бақша» КММ
мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы.

Ағылшын тілі сабағында

Мектептерде ағылшын тілі пәнінің негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын ағылшын тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, ағылшын халқының өдет-ғұрпын, тарихын танып білуге талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сонымен қатар, оларды Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, еңбекті сүйеге, өздерін еңбек ете білуге тәрбиелеу.

Осы жолда мұғалімнің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі үлкен көрініс табады.

Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл идеяның түп қазығы – мұғалім мен оқушының уақытын, білімін, күшін, мүмкіндіктерін ұтымды, тиімді жұмсап, ең жоғары нәтижеге жету. Міне, осындай талап қоя отырып, мен өзім орыс мектебінде сабақ жүргізген соң, оқушылардың арасында диалогтың маңыздылығына тоқталғым келеді.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Диалог репликалардан құралады, оның бірі – сөйлеуге уәж жасайтыны, екіншісі – жауап ретіндегі реакция-реплика. Диалогта ой ауысып отыратыны белгілі, сондықтан әңгімелесушілер бір-бірімен ақпарат ауысып отырады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімелесуге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді). Оқушылардың тілінде болатын фонетикалық қателер диалогта кездесетіні байқалады, сондықтан тілдік жағынан диалогтың дұрыс құрылуына баса мән беріледі. Бұған дейін диалог жұмысын бір ғана қырынан көргенмін. Мысалы, диалогты екі оқушы оқиды немесе оны жалғастырады. Бірақ қазіргі технологияларды қолдана жүріп, диалогтың түрлері бар екенін және сабақтарда оның бәрін қолдану маңызды екенін түсіндім.

Диалогтың үш түрі бар:

1. Әңгіме-дебат.
2. Топтық әңгіме.
3. Зерттеушілік әңгіме.

Ағылшын сабағында диалогтік оқыту әдісіне көп көңіл қойып, жаңа тәсілдердің ішінде осы жұмыс түрімен айналыса бастадым.

Сабақтарымда оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында, әр сабақтың тақырыбын ашу үшін сөзжұмбақтар, сұрақ-жауап, тексеру сұрақтарын дайындадым.

Жоғары сынып болғандықтан көбінесе сұрақ-жауап әдісін жиі қолданамын. Бұл әдістің түрі келесі жүйеде жүргізіледі:

1. Үй жұмысын, сабақты қорытындылау кезінде нақты сұрақтарды қойып, оқушылардың білім деңгейі қандай дәрежеде екенін түсіну барысында;
2. Оқушы бір-біріне мәлімет беру, түсіндіру, өз ойын жеткізу кезеңінде;
3. Бір ойды талқылап, пікірталас кезінде.

Жаңа тақырып өткен кезде оқушыларға жаңа сөздермен сөз тіркестерін жасап, сөйлемдер құрастыруға тапсырма беремін. Мысалы:

- Өткен сабақта біз не туралы сөйлестік?
- Сен танертең нешеде тұрасың?
- Сен кітап оқығанды ұнатасың ба?

Енді осы сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырайық.

Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың өткенді еске түсіру, қайталау және тілдерін дамыту үшін қажет деп ойлаймын.

Өткізген сабақтарымдағы оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі – аффективті (эмоционалды) сезім арқылы ортақ проблемаларды бірге шешіп, екі оқушы бірге қорытындылайды. Мысалы, үй жануарлары мен аңдар тақырыбын өткенде мынадай сұрақтар қойдым:

- Үй жануарлары мен аңдардың қандай түрлерін білесіңдер?

- Қалай ойлайсыңдар, үй жануарлары мен аңдардың қандай айырмашылығы бар?

Осы сұрақтарды олар жұппен, содан кейін топталқылап, бір шешім шығару керек болды. Оқушыларға бұл жұмыс түрі өте ұнады. Бірақ менің байқағаным, оқушыларға бұл тапсырма қиынырақ болған сияқты, өйткені кейбір білім деңгейі төмен оқушылардың сөздік қорлары аз болғандықтан, олар бұл тапсырманы 100 пайыз орындай алмады. Ал, жақсы оқитын оқушыларым бұл тапсырманы бірден орындады. Осы тапсырманы бергеннен кейін, оқушылардың бәрін осындай жұмыстарға орындауға қалай кіріктіріп, жауаптары нәтижелі, толық болуына қандай жұмыс жасауым керек деген менде ойландыратын сұрақ туындады.

Диалог барысында оқушылар күтілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсады, ынталанды, ойларын бөлісті, пікірлесті, білімді бірлесіп алды, өз білімін толықтырды. Пікір алмасу оқушылар арасында диалог жүргізу арқылы жүзеге асып отырды. Мәселен, 7-сыныпта «Үй жануарлары мен жабайы аңдар» тақырыбын өткенде жануарлар мен аңдар туралы мәлімет дайындау үшін диалог арқылы өзара әрекеттесіп, әңгімелесіп бір-біріне өздерінің ой-пікірлерін білдіреді. Тапсырма орындауда топтық әңгімеде оқушылардың әрқайсысы диалогқа түсті, сөздік қорлары жеткенше өз идеяларын, шешімдерін ұсынды. Топтық жұмыс ішіндегі тығыз қарым-қатынас оқушыларды “бір жағадан бас, бір жеңнен қол” шығара, тығыз байланыста жұмыстануға жеткізді. Сабақ барысында оқушылардың достығы нығайып, сабаққа деген жаңа көзқарастары қалыптасып, жаңа, тың идеялармен танысып, білімдерін жетілдіріп, жан-жақты дамуына мүмкіндік алды. Диалогтік әдіс, сұраққа жауап алу, өз ойларын білдіретін тапсырмалар сабақ үстінде керек. Мұндай тапсырмалар әр оқушыдан шығармашылық тұлға қалыптастыруда көмекші құрал болатыны сөзсіз.

Аптасына 2 сағат болғаннан кейін, сабақ тез өтіп кетеді, кейбір оқушылардың тіл байлығы жетіспейді, сөздік қорлары аз. Өз ойын қанша еркін айтқысы келсе де, жеткізе алмайды. Осы сәттерде мен гимназия мектептеріндегі әріптестеріме қызығамын. Олардың оқушылары ағылшын тілінде еркін сөйлеп, өз ойларын еш қиналмастан жеткізе алады. Мен бұл сәтте қашан менің оқушыларым осындай дәрежеге жетеді, қашан мен де осындай әңгіме-дебат, зерттеушілік диалог түрін еркін қолданып, оқушыларым менімен еркін сөйлейді деп көп ойландым. Сондай-ақ, осындай дәрежеге қалай жету керек? - деп біраз ойланып-толғанамын. Дегенмен, «Қол қорқақ, көз батыр» демекші, қандай қиындықтар болса да, барлығын жеңіп, осы жаңа технологиялар арқылы әрі қарай жұмысымды дамытып, оқушыларды ағылшын тілінде сөйлетуге, сұхбаттасуға үйретемін деген сенімдемін.

Улдай КАУНБАЕВА,
«Манашы орта мектебі» ММ мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Екі ұйғарым, бір пікір

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, соны-

қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.
Заманауи мұғалімге инклюзивті топпен тиімді жұмыс істеу үшін қосымша құзіреттіліктер қажет: балаға байқау жүргізуді, оның дамуының жеке жоспарын түзете білу; балалармен әріптестік дағдыларын меңгеру; ұйымдастыруға көмек көрсете отырып, олардың белсенділігін арттыруға жағдай жасай отырып, өзара әрекетін дамытуға белгісіз бола отырып, балаларға көмектесу; мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен қатар балалардың бірлескен ойын әрекетіне жағдай жасайтын әртүрлі, «мазмұнды» пәндік орта құра білу. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға,
қ о ғ а м ғ а

мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету. Бұл деңгейдегі ойлау жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.
Осы орайда өз тәжірибемнен Абай шығармашылығын оқытудағы әдіс-тәсілдерімді ортаға сала кеткенді жөн көрдім. Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдіс-тәсіл оқушы қызығушылығын арттыру, сезіміне әсер ету, қиялын ұштау, сол арқылы шығармашылыққа жол ашу, оқушыға еркіндік беру деп түсінеміз.
Абайдың табиғат лирикасын оқытқанда бұл әдістерді пайдалану



үдерісінде «Бағалау» дегенде біз көбіне түсінбей оқушыны бағалауды айтамыз. Ал, дұрысында бағалау сол күнгі тақырыпты, автордың ойын оқушы көзқарасымен бағалауын айтамыз. Мен бағалауды оқушыларға мынадай тапсырмалар беру арқылы орындаттым.

1. Абайдың бүгінгі өткен өлеңдерін салыстыр. Оқушы әр өлеңнің өзіне тән ерекшелігін, сосын ұқсастығын айтады.

2. «Бір айналым сөйлесу» әдісі арқылы оқушы Абайға баға береді.

3. Абай қарасөздерінің өзіндік ерекшеліктеріне баға берейік: сөйлемдері қысқа, мағынасы кең; ой саларлық мағынасы бар, гибрат (үлгі) беруді көздейді; философиялық сұрау басым; өзі жауап береді; өз-өзімен кеңес, ой-пікір білдіру үлгісінде келеді.

Оқыту құралдары ретінде АКТ-ны пайдаланамын. Компьютермен жұмыс істеу тәсілдері әртүрлі: топпен, жеке, сыныппен. Психологиялық сипаттамаға сай беріліп отырған бағдарлама оқуға деген ынталандыруға қалай әсер етуін, қызығушылығын жоғарлату немесе төмендету оқушыларға өзіндік күшіне сенімсіздік тудырмау қажет. Белгілі ғалымдар Ж. Пиаже («Психогенездік білім» 1961 ж.) және Л.С.Выготский («Оқыту үрдісінде балалардың ақыл-есінің дамуы» 1935 ж.) ұйымдастырылған жаңа білімге немесе жаңа әрекетпен оқыту оқушы деңгейін алға ынталандырады деп жазды. Демек кез-келген оқыту, жаңа әдіс-тәсілдер, дамыту жұмыстары болатын іс-әрекет деңгейіндегі компьютермен жұмыс істеу өзіндік үндестігін тапса, онда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген оң көзқарас оналар еді. Сондай-ақ, инклюзивті білім берудің инновациялық жолдарын, оның ішінде АКТ, интерактивті әдістер, интерактивті такта сияқты білім беруге қажетті жаңа ақпараттық технологиямен қамтамасыз етілсе, келешекте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде ешқандай кедергілер болмақ емес.

Арайлым ҚАРЖАУОВА,
«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» КММ мұғалімі.

Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

мен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

«Инклюзив» сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қалыпты балалармен бірге білім беру.

Теориялық негіздемесі «Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне «Сапалы білім – барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданылады. Яғни жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының

п а й д а әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалды және психикалық таным процестерінің даму деңгейі әртүрлі. Десек те қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие, сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзетеді дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру – оқушы қажеттілігін қамтамасыз етуде. Қажеттілік неден туындайды? Ол оқушы білімін, білік-дағды деңгейін саралау пайда болады. Мысалы, мен 10-сыныпқа әдебиет пәнінен сабақ беремін. Сыныпта арнаулы сыныптан келген даму мүмкіндігінде ақауы бар екі оқушы оқиды. Мен ол екі оқушының әдебиет пәніне деген қызығушылығын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінде сабақ мақсаттарына қарай әртүрлі әдістерді пайдаланамын.

Әдебиет пәнін оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдердің бірі сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлаудың мақсаты барлық жастағы оқушыларға сабақ барысындағы кез келген

о қ у ш ы л а р д ы ң өлеңді үстіртін жыл мезгілі туралы ғана өлең деп қабылдамай, ондағы көтерілген проблемалық жағдайларды көре білуге, талдай алуға үйретері сөзсіз. Оқушылардың өздігімен жұмыс істеуінде оқушыға мынадай сұрақ-тапсырмалар берген орынды деп есептеймін.

1. «Қыс» өлеңіндегі адамның көңіл-күйін білдіріп тұрған жолдарды тауып, оны «Жазғытұры» өлеңімен салыстыр. «Жазғытұры» өлеңіндегі көңіл-күйдің керісінше болу себебі неден?

2. Өлеңнен адамның жасына, кәсібіне қарай көктемдегі іс-әрекетін, көңіл-күйін білдіріп тұрған сөздерді тауып жаз.

3. Көктемнің жер бетіне, жан-жануарларға, адамзатқа, табиғатқа әкелген өзгешелік құбылыстарын саралап айт.

Бұл деңгейдегі оқушыларға тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай берілетіні баршамаызға мәлім. Олар баяу әрекет етеді, сыныпқа ілесе алмайды. Егер осыларды есепке алмасақ, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді, сыныптастарынан қалып қояды. Бұл оқушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс. Сол себепті:

4. «Бұл кім?» деген атаумен слайд арқылы суретпен жұмыс беріледі. Суретте бейнеленген жан-дар Абай өмірінде қандай орын алған? (ауызша ой дамыту жұмысы)

5. «Сандар сөйлейді» математикалық ойыны (Слайд арқылы берілген сандар бойынша Абай өміріне қатысты мәлімет айту)

6. Іздендіру бағытында Абай туралы пікірлер жинау берілді. «БАП» әдісі (басқа адамдар пікірі) «Блум жүйесі» бойынша құрылған сабақ

Мамандықтың бәрі жақсы

Қазіргі таңда өзекті мамандықтардың бірі биотехнология. Биотехнологияның алғашқы нышандары адам өз өмірінде шарап суындары мен нан-тоқаш өнімдерін дайындауда ашу үдерісін қолданудан басталды. XIX ғасырда ашу үдерісі микроорганизмдердің тіршілік қызметінің нәтижесінде жүзеге асатыны белгілі болғанда биотехнология ғылым ретінде қалыптасты. Бүгінгі таңда биотехнологиялық әдістер мен тәсілдер медицина, экология, ауылшаруашылығында кең қолданылады. Осындай игілі ғылым саласы адамзатқа ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрілік препараттар, ауылшаруашылығында өсімдіктердің жаңа сұрыптарын, сонымен қатар дәрумендер мен антибиотиктер сыйлады. Осыдан биотехнология мамандығының қоғам үшін маңызы анық көрінеді.

Биотехнологтың қызметінекі сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ол медицина, фармацевтика, гендік инженерия салаларын толық қамтиды. Әрине биотехнолог маманның құзыреттілік деңгейі кең. Ол әртүрлі тағам өнімдерін, ферменттерді, антибиотиктерді өндіру биотехнологиясындағы білімді игереді. Олар микробиология, химия, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, биохимия,

экология сияқты ғылымдардан толық ақпарат алады. Бұндай кәсіби деңгейдің маманы фармацевтикалық, парфюмериялық, тағам өндірісі, ветеринарлық, өндірістің өңдеуші салаларында бағалы қызметкер болып табылады.

БОЛАШАҚТЫҢ ҒЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы үшін биотехнологияның дамуы ғылыми-техникалық саясаттың өркендеуіне алып келеді. Қазақстан Республикасының индустриалды-новациялық даму стратегиясына сәйкес биотехнология мемлекетіміздің экономикасын дамытуда келешегі мол сала ретінде анықталған. Сол себепті мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты тиімді жүзеге асыру үшін ғылыми потенциалды жаңа келешегі мол бағыттарға жинақтау қажет. Биотехнология – болашақтың ғылымы. Биотехнология іргелі биологиялық білімдерді адамның практикалық қызметінде қолдануға және табиғи қорларымыздың жойылып кетпеуін сақтауға негізделген ғылым мен өндірістің жаңа саласы болып табылады. Биотехнология іргелі және қолданбалы ғылымдар мен

өндірісті біріктіретін жалғыз ғылым. Оның даму нәтижесі адам өмірінің сапасын жоғарлату үшін аса маңызды болып саналады.

Елімізде биотехнолог мамандарды дайындауда көшбасшы ғылым ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің биотехнология кафедрасы болып саналады. Биотехнология кафедрасы осы күнге дейін талай түлектерді білім нәрімен сусындатып, абитуриент болып келген азаматтарды үлкен өмірге білікті маман қылып даярлап шықты. Биотехнология кафедрасының мамандықтарды дайындау бағдарламасы бакалавриат, магистратура, докторантура. 5B070100 – биотехнология мамандығы «Клеткалық және молекулалық биотехнология», «Тағамдық биотехнология», «Микроорганизмдер биотехнологиясы», «Қоршаған орта биотехнологиясы» мандануларына жіктеледі.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің био-

технология кафедрасының 5B070100 – «Биотехнология» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білікті мамандар дайындау үшін бірқатар іс-шаралар жүргізілуде: жұмыс берушілерге, бітірушілерге арналған сауалнамалар әзірленіп, олардың нәтижелері бойын-

ша бакалавр, магистр деңгейлеріне арналған құзыреттердің жүйесі өңделуде. Жүйе негізінде биотехнология кафедрасы тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану мақсатында бірқатар кәсіпорындармен «Фудмастер», «Агропродукт», «Райымбек Боттлер», «Бахус», «Дано» және тағы басқалармен келісім шарттар жасады. Осы шарттар негізінде болашақ биотехнологтар нақты жұмыс орындарында әдіс-дағдыларын жетілдіреді және жаңа өндірістік технологиялармен жұмыс жасау тәжірибелерін меңгереді. Кәсіпорындарда болашақ маман иелері тәжірибе алумен қатар мамандық бойынша оқылатын бірқатар пәндер: Биотехнология негіздері, Биотехнология объектілері, Өндірістік биотехнология, Үдерістер мен құралдар,

Экологиялық биотехнология бойынша алған теориялық білімдерін іс жүзінде жүзеге асыра алады. Осы жүйе негізінде биотехнология маманын жан-жақты дайындаудың толық мазмұнында әрбір жеке пән органикалық бөлшек ретінде құрылған. Оқу жоспары жұмыс берушілердің талабына сәйкес сапалы бітірушілерді дайындауға мүмкіндік береді.

Сонымен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің биотехнология кафедрасында ғылым, білім және бизнес интеграциялық байланыстарын жетілдіру арқылы жоғары білікті биотехнолог мамандарды дайындап қана қоймай, Қазақстан Республикасының индустриалды-новациялық даму стратегиясының алға қойған мақсаттарын да шешуге ынталандырады. Сондықтан бәсекеге қабілетті жас ұрпақ! Елдің ертеңгі болашағы Сіз бен Біздің қолымызда болғандықтан мамандық таңдауда жаңылыспайық!

Н.АКМУХАНОВА,
А.САДВАҚАСОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті биология және биотехнология факультеті доценттері, биотехнология кафедрасының б.ғ.к.
Алматы.

ТАҒЫМ

Аякең есімі көпке аян Бекбаулы Ата әулиенің баласы Сатыпалды ұрпақтарының бірі. «Жыңғылды» ауылында 1920 жылы туған оның өмір жолы тым күрделі. Ел ішінде Кеңес үкіметі орнап, қоңырқай тіршілік күй кешіп отырған қарапайым халық аумалы-төкпелі аясындағы заманға тап болды. Көп ұзамай жекешелендіру зобалаңы басталып, қолдағы

ең таңдаулы солдаттар мен офицерлер аттанды. Осындай взводтардың бірін басқару аға сержант Аякеңнің үлесіне тиген еді. Оның қарамағында қырықтай адам болды 1943 жылдың 5 тамызы күні Курск қаласының Прохоровка елді пунктінің маңында Кеңес жауынгерлері үлкен шабуыл бастады. Бір мезгілде Аякеңнің взводы жаудың басым күшіне

Ернязов есепшілік курстан өтіп, куәлік алған еді. Сөйтіп бір жылдан астам уақыт емделгеннен кейін өзінің туған топырағы Маңғыстауға қайтып оралды. Таушықта оны ағайын-туыстары зор қуанышпен қарсы алды. 1944 жылы Шахта орта мектебіне мұғалім болып орналасты. Жағдай адам айтқысыз ауыр еді. Оқушы біткен ашқұрсақ, жалаңаш жалпы оқып жүрді. Оқушы дәптері жетіспеді. Олар шайдың қағазына, газет қиындарына жаза беретін. Сия сауыт орнына қарындаш тұқылдары пайдаланылды. Балалар аяғына коншоқай киді. Ал жазғытұрым, күзде кара суық түскенше жалаңаш мектепке келе беру үйреншікті жағдай еді. Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан шәкірттер оқуға ынтыласты. Шахта орта мектебінде жараланып елге оралған майдангерлер де қызмет атқарды.

Аякең шәкірт жанын баурай білді, өмірге жөн сілтеуде көп еңбектенді, көп ізденді. Ол өзінің ақыл ойымен, білімдарлығымен, қабілет қарымымен, іскерлігімен, өзіне-өзі талап қоюымен, еңбекқорлығымен мұратына жетті.

1947 жылы ұйымдастырушылық шеберлігі көзге шалынып, Тұщыбек ауылындағы бастауыш мектеп менгерушілігіне жіберілді. Осы жылдарда ол Гурьев педагогикалық училищесін сырттай оқып, үздік бітірді. Бұдан соң ол Куйбышев, Ленин атындағы мектептерді көп жылдар бойы басқарды. Аякең басқарған кезінде Ленин мектебінде ауданда бірінші болып оқушылардың өндірістік бригадасы құрылып оқушылардың кәсіби баулынып шығуына даңғыл жол ашылды. Алпысыншы жылдардың басында ол аудандық партия комитетінде, аудандық оқу бөлімінде жауапты қызметтер атқарды. Елуінші жылдардың орта шенінде Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетін де бітірді.

Аякеңнің жұбайы Тойдык жеңгеміз да бар саналы ғұмырын ұстаздықпен өткізіп, ол кісі де Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» екенін дәлелдеп кеткен болатын. Ол өмірінің соңғы жылдарында өз мамандығына орай Шетпедегі Алшын Меңдалиев атындағы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болды. Ал Аякең 1966 жылдан өмірінің соңғы жылдарына дейін аудандық сырттай орта мектептің директоры болып қызмет атқарды. Ол 1964-1982 жылдары халық ағарту қызметкерлері аудандық кәсіподақ комитетін қоғамдық негізінде басқарды. Мұғалімдер қауымына деген бар шапағат жақсылықтарды жасау жолында мол еңбек сіңірді.

Аякең өлке тарихын, өткен мен жеткенді, ел шежіресін жинақтауда біраз еңбек сіңірді. Абыз ата Алшын Меңдалиевпен бірге «Адай шежіресін» жазуға бастан аяқ қатынасты. Аякең сырт адамға суықтау көрінгенмен оның жүрегі мейірімге толы болатын. Ол адамшылық, имандылық деген сөзді айта бермейтін, іс жүзінде көрсете білген адам. Марқұм, есімі елге белгілі ұстаз Жоламан Мұқанов: «Аякең біздің феноменіміз ғой» дейтін. Ал феномен деп жұрттың ерекше ерен қабілеті бар адамды айтады ғой. Бұл да

табылған орынды айтылған сөз. Үйлесімді үлкен баға деп білеміз.

Аякеңнің артында өнегелі ұрпақтар қалды, әке жолын жалғастырып келеді. Ең үлкені Әлімжан Ауған соғысының ардагері, мамандығы мұғалім еді. Ол да өмірінің соңына дейін аудандық сырттай орта мектепті басқарды. Тәңір ажалынан ертерек қайтыс болды. Ал Бақытжан мен Феруза мұнай-көмір орындарында еңбек етеді. Бауыржан да Ақтау қаласындағы мекеме орындарының бірінде қызметкер.

Ұстаздың ұлан-ғайыр еңбегі кезінде ескеруіс қалған жоқ. Ол «Кеңес Одағының халық мұғалімі», «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалімі», Бүкілодақтық кәсіподақ комитетінің «Құрмет белгісі», «Еңбектегі ерлігі» үшін, «Еңбек ардагері» медальдарымен, жоғары орындардың Құрмет, мақтау қағаздарымен марапатталды. Аякең туралы кезінде Б.Құатбаев, Ж.Мұқанов, О.Телемгенов тағы да басқа маңғыстаулық әріптестері, шәкірттері ескіріс естеліктер жазды. Аякең 1986 жылы 66 жасында өмірден озды.

Сөз соның өз әріптесі ұстаз ақын Уәйіс Қайраловтың «Аякеңмен Әуезалиев» деген жүрекжарды жыр-толғауымен аяқтағанды жөн көріп отырмын:

*Топтан кейін шешініп тартынбаған,
Ақ көңіл, бала мінез аңқылдаған.*

*Қыдай бір қиянаттан хабары жоқ,
Көңілін тот баспаған алтын адам.*

*Қыры бар қиындықтан мұқалмаған,
Қан төксе де «нерісің» жұқармаған.
Кейбіреуден қиянат көрдім-ау деп,
Көзбеңінде кек оты тұтанбаған.*

*Сезімі өткір адам ұстаздарды,
Өмірге бір кісідей құштар адам.*

*Иштарық пен қызғаныш, табалауды,
Жауы үшін де қару ғып ұстамаған.*

*Елірін мақтаншып толамаған,
Асып-тасып дегенді қойған адам.*

*Халықтың қатарында жүрсе болды,
Артыңа бақ-дәреже ойламаған.*

*Ұйытқы болса болар ел бірігіне,
Қосылмайды аатын бүлгіне.*

*Ешкімнен де кем емес ақыл мінез,
Парасатты ой-өріс, білігі де.*

*Бір сүйеніш тірілігі таяқпенен,
Жамандық ба бата алмас таяп келген.*

*Аялдауға тұрарлық дархан адам,
Аты тауып қойылған – Аякеңмен.*

*Десе, біз:
Аякеңмен дейтұғын осы есімге,
Тағзым етіп, мақтанып есетің де.*

*Ұрпақтары, ел-жұрты әсерсіз демізі,
Шеттедегі киелі көшесінде, – дегіміз ке-*

леді.

**Әзірбайжан ҚОНАРБАЕВ,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.**

**Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы.**

Ескіртмес естеліктер жазды

аз ғана мал сыпырылып алынды. Бар күн көрісі малға қараған халық ашаршылықтың, жоқшылықтың қамытын киді. Бір үзім нан мен бір шайлық сүтке зар болған қиылы-қилы кезең туды. Халық елден қашып, тыныш жатқан көршілес Түркияға аттылап-жаулап шұбырды. Аякеңнің әкесі Әуезалы да 1931 жылы екі баласы мен әйелін алып, арып-ашып дегендей Красноводск (қазіргі Түркменбашы) қаласына жетеді. Мұнда ол теміржол бойында түрлі қара жұмыстарды жасап, нанға еріндері тиеді, қайғысыз қара су ішті. Бұдан соң Әуезалы Тәжен қаласына келіп қоныс тебеді. Амал не, көп ұзамай Аякеңнің әкесі де, анасы да көз жұмып кетеді. Аякең мен оның інісі Тәңірберген сол қаладағы балалар үйіне алынып, белгілі дәрежеде қамқорлық құшағына алынады. Аякең жасынан- ақ алғар, байыштылығымен көзге тасып, ауызға ілінеді. 1936 жылы Ашхабадтағы төрт жылдық мақта жіп иіру техникумында оқиды. Алайда оқып бітірген бойда, 1940 жылдың қараша айында ол армия қатарына шақырылып Грузияның Шаумян қаласынан келіп шығады. Сарбаздық міндетін мінсіз атқарып жүрген шағында 1941 жылдың 22 маусымында неміс фашистері Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасағаны белгілі. Аякең де көп ұзамай жауға қарсы аттанды. Ол Оңтүстік майданның 116 артиллерия полкының 6 батареясы құрамында шайқасқа түсті. Аякең соғыстың алғашқы жылдарында Краматорск, Ворошиловград, Псков, Ростов, Матнеевка қалалары үшін болған ұрыстарға қатысты. 1943 жылдың басында Ростов маңына таяу жерде тәжірибелі ерекше автоматшылар взводы құрылды. Оған

тап болды. Ол жауынгерлермен ақылдасып, жауға қалай болғанда да тойтарыс беруге ұйғарысты. Қолма-қол бекінісіп жауды алға өткізбеге тырысты. Міндет – өліспей біріспеу. Жаудың тың күштерімен толықтырылып жатқаны мәлім болды. Жаудың қарсы көрс. Жағдай ауырлай түсті. Біресе олар, біресе бұлар шегінумен болды. Ақыры біздің жауынгерлер ілгері жылжып, жау бекінісін басып алды. Дегенмен, ұрыс толастамады. Взводтағылардың қатары сирей берді. Әлден уақытта бұларға танк полкы бастаған жауынгерлер қосылды. «Уралап» шабуылға шыққан жауынгерлер алда тұрған биікке қарай ұмтылды. Жау жағы да арпалыста. Сол күні жау жиырма шақырымдай кері шегінді.

Арада үш күн өткенде Красный Сулин деген шағын қаланы алу үшін жойқын айқас тағы басталды. Аякең де жер бауырлай атысып ілгері келе жатты. Бір сәтте оның жанынан түрс етіп снаряд жарылды. Онда аргысы есінде жоқ. Кейін білді, жолдастар оны топырақ астынан аршып алыпты. Шала-жансар, әйтеуір кеудесінде жаны бар. Екі құлағы тас бітіп, тілі байланып қалған, көзі бұлыңғыр. Бір аяғы тізеден төмен тас-талқан болған. Бір взводты басқару жүріп, душпанның басым күшін тежеп, ауыр шығынға ұшыратып бүкіл дивизияның жеңіске жетуіне үлес қосқаны үшін Аякең бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Аякең Қазан қаласындағы үлкен әскери госпитальдың бірінде бір жылға жуық емделеді. Ол кезде госпитальда жатып емделушілер түзір болғаннан кейін оларға түрлі мамандықтарға баулитын арнайы курстар болған-ды. Аякең мұғалімдік курсты, маңғыстаулық Тілеген

Иассауидің кесенесінде жерленгені тарихта белгілі.

Оң-солын таныған Есіркеп Тәжіұлы жасынан обал-сауаптың қадірін біліп өсті,бұғанасы бекімеген үйдегі сәбилерді қалдырып,ұзап кете алмады.

Ұлы Отан соғысының рахымсыз да қатал шақтарын елмен бірге бастан кешірді. Кейін Ақмола педагогикалық училищесін үздік бітіріп, өз білімін Қарағанды педагогикалық институтында,одан кейін Алматыда Абай атындағы

ҰЛАТ АТЫМЫ МОЛ ЕДІ

педагогикалық институтының филология факультетінде жалғастырып ұлтымызға белгілі зиялы ғалымдардан дәріс алды. Білгенін көбейтті, танымын кеңейтті.

Бұл уақыт – жастардың жаппай әдебиет пен өнерді өз тұтқан кезеңі. Жас Есіркеп Тәжіұлы бәріне уақыт тауып білім де алды, мәдениетті шаһардың үлгілі ісін де үйірден. Сөйтіп, бойында зиялылықтың негізін қалады. Кейін қай іске жұмса да, ол сезімі мен ойын үйлестіретін қаламын қолынан тастамады. Ол артында Ұшан теңіз мол мұра қалдырмағанымен, әр істе де жауапкершілік биігінен көрінді. Соның арқасында жұрт құрметіне бөленді. Ол республика және облысқа еңбегі сіңген Г.Алексеева, Ә.Шабатов, Е.Бікенов, А.Карбаев, А.Қасымов, Б.Айтжанова сынды азаматтармен қызметтес болды. Ол жас мамандардың тәрбиеленуіне де күш-жігерін жұмсады, олардың біразы қазіргі уақытта беделді еңбек етіп жүр.

Ұлағатты ұстаз, жанұяның басы Есіркеп ағамыз өзінің адал еңбегінің арқасында талай облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің мақтау грамоталарымен марапатталды. Ол «Қазақ ССР халық ағарту қызметінің озаты» атанды, Қазақ ССР Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды.

Аузын аша жүрегі көрінгендей ашық мінсзділігі, Абай ағамыздың «өзі зордың болады денесі зор» дегендей зор денелі, сөзді суырып салып төңірегіндегілерді әзіл-күлкіге бөлеп жүретін ер тұлғалы Есіркеп аға қай жерде болса тез сыйысып кететін.

Мен сол тұста Есіркеп ағамыз ғажап білімді адам екенін іштей сезіп, ол туралы әріптестеріме де айтып жүретінмін.

Есіркеп ағамыз тағы бір қасиеті – оның адамгершілігі, үлкенмен – үлкен, кішімен – кіші бола білетін, әркімге беріле бермейтін мінезін айтпай кетпеуге болмайды.

Кенестік дәуір кезінде, мамыр айының ортасында, пионерлер ұйымының слетін ұйымдастыру жақсы дәстүр болатын. Сондай слет ауданда өтіп жатқанда Куйбышев (қазіргі Шалқар) атындағы орта мектебінің машинасы кенеттен өртене бастайды, балалар а-шу, жиналған адамдар не істерлерін білмей аң-таң.

Осы кезде Есіркеп ағамыз жүгіріп барып, машинаның роліне не болып Нұра өзеніне қарай зымырай жөнеліп, суға қойып кеткен.

Міне, өзінің жанын қиып, әріптес жолдасының абыройын сақтай білген Есіркеп Тәжіұлы ер деп айтпаса болмайды. Ер тұлғалы азамат деуім де сондықтан. Осы тұрғыдан қарағанда елі игілігі үшін күш-жігерін аямай еңбектене жүріп, жоқ қылға құмар уақыт қысқартығымен қатар күресе жүріп, адамгершілік қасиеттерді серік ету ет пен терінің арасындағы желік емес, сүйекке біткен қасиет екені де танылады.

Әрбір адамның ғұмырын, жүріп өткен жолы мен тағдырын суреттей білсең бір-бір кітапқа жүк болары анық. Қолға қалам ұстаған, жазам деген адам қай уақытта өз заманымен үндестік танытып, жаналықтың жаршысы бола білген. Ел құрметтеген жандардың өмірі мен еңбек жолдарын тілге тиек етіп, жұртшылық назарына ұсынып отырған. Жазының артында хат болып қалған ұлы ойлардың ғұмыры қаншалықты ұзақ болса, хатқа тіркеле айтылатын есімі де, соншалық ғұмырлы.

Осы орайда сөз өнерін менгерген,менгеруге талпынған әрбір ұлт азаматы марапатқа, мақтауға, үлкен алғысқа лайық екенін атап өткен орынды. Көргені мен көкірегіне түйгенін жұртшылыққа ұсыну жолындағы сәттілік пен сәтсіздік секілді қайшылықтардың орны өз алдында.

Ұлы Абай ұлағатты жандар туралы: «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған», - десе, данышпандардың даналығы «Жақсының аты өлмейтінін, ғалымның хаты өлмейтінін» білдірген.

Дүйім жұрт күні бүгінге дейін ол кісіні «Есіркеп-аға», «Есаға» деп еске алса, қазіргі ұрпақтың орта денгейдегі өкілдері «Ұстаз-аға» деп қастерлейді.

Мен Есіркеп ағамен Теңіз ауданында қызмет атқарған жылдары жақын танысып, араластық. Ал бүгіндері үлкен ілтипатпен еске алып отырмын.

Ұзақ болмаған саналы өмірінде өз шәкірттеріне, замандас құрбыларына арнап айтқан қанатты сөздерін әлі күнге дейін ел аузынан естуге болады.

Еңбегімен елдің алғысына бөленген,еңбек ақы маңдай терін қарапайым мұғалімдіктен бастап,мектеп басшысына дейін адал еңбегімен тапқан Есіркеп Тәжіұлы Тәжиннің артында қалдырған рухани мұрасы баршылық, көлемді бөлек кітап ретінде жариялауға тұрарлық. Ол, әрине,болашақтың үлесінде.

Тарихқа бойлай қарасақ, Қарағанды облысының бірнеше аудандарын нәрлендіріп, өзінің шипалы суымен жағалауындағы елді мекендерге тіршілік көзі болған Нұра өзенінің екі жағалауы қаратал, ұшқат, қарамойыл, итмұрын сияқты ағаштар мен әртүрлі дертке шипа боларлық өсімдіктің мыңдаған түрі тұнып тұратын ит тұмсығы өтпестей ну тоғай болатын. Міне, осындай ғажаптай табиғаты бар өңірде талай-талай өнер мен әдебиет сандақтары дүниеге келген екен. Солардың бірі – 1930 жылы 23 ақпанда Нұра ауданы, Ахмет ауылы жанындағы Ақтобе қыстағында дүниеге келген Есіркеп Тәжіұлы Тәжин. Белгілі Наймантай ұлы Байғазы батырдың ұрпағы. Наймантай батыр Қожа Ахмет

Осы жолдарда айтылғанда Ағаның адамгершілік қасиеті, ұстаздық ұлағатты жолы жастарға үлкен мектеп.

Ағаның қасында отырып әңгімелесу, өткен өмірі туралы естеліктерін айту мен үшін өмір сабағы сияқты.

Елден жырақ жүрген мен үшін ағамен бірге болудың өзі үлкен ғанибет еді.

Өкінішке орай, осындай абзал азамат өмірден ерте озды. Егер өмірден ерте озбағанда, бүгінде, ақпан айында 87 жасқа толар еді. Амал не?

Биылғы жылы Ақмола және Қорғалжын, Теңіз, Егіндікөл өңіріне белгілі азамат, білім және ағарту саласын дамытқан ұстаз аға, хал-қадірінше әдебиет пен өнерге атсалысқан журналист Есіркеп Тәжіұлы Тәжиннің қайтқанына 30 жыл толмақ.

Қайран аға, жатқан жеріңіз жайлы болсын, арта қалған ұрпақтарыңызға Алла Тағалам амандық пен денсаулық берсін.

Жақсылар қапталдаса қатар жүрген, үзенгі қағыстырған замандас ағалары жайлы бір ауыз жылы лебізін арнап жатса, ол да бір өзгеше әдемі дүние. Есіркеп аға өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Ақмола өңіріне танымал Омар қажыдан туған Смағұлұлы Ғарипжаннның қызы, Қорғалжынның соңғы болысы болған Қылыштың Ахметжаннның жиен-немересі Мүкенмен (Мүгілсім) отау құрып, алты бала өсірген белді де беделді отбасы атанды.

Қазір ұлы Нұрлан әкесінің жолын жалғастырып келеді. Ол бүгін мектеп директоры, мәслихат депутаты, ауданның құрметті азаматы,үлкенді құрметтеген, кішіні сипай білетін азамат, Қорғалжын өңіріндегі тұмасы.

Ендігі жерде Есіркеп ағамыз бен Мүкен жеңгеміздің жасамаған жасын, көрмеген қызығын балалары мен немере-шеберелері, туған-туыс, бауырлары көрсін. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, жандары жәннатта, төңдері рахатта, имандары жолдас болсын дегіміз, ағайын.

Әр уақытта да арамсыздан өткен Есіркеп аға сияқты азаматтарымызды сүйіспеншілікпен еске алып, оларға тағзым етіп отырсақ, ел мерейі, ел абыройы емес пе!?

**Мұхит ШЕРМҰХАНҰЛЫ,
зейнеткер-ұстаз.**

**«ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл»,
«ҚР Конституциясына 20 жыл»
медальдарының иегері.**

Қарағанды облысы.

Бұлақ көрсен, көзін аш

Мүмкіндіктер мол

Бүгінгі таңда білім мен тәрбиеге баса көңіл бөлініп отыр. Әсіресе, жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беретін мекемелердің тығыз байланыста жұмыс жасауы, жеке тұлғаның болашақта терең білім алуы мен мамандық таңдауында жемісті жетістіктерге қол жеткізіп келеді. №9 оқушылар шығармашылығы үйінде спорттық, домбыра, вокал, дәстүрлі ән, хореография, сурет, шешендік өнер, өзге ұлт өкілдеріне «қазақ тілі» және жас ақындар клубы тұрақты жұмыс жасайды. Ұжымда білімді, тәжірибелі ұстаздар сабақ береді. Оқушылар үйінің шәкірттері қалалық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындардың биік шыңынан көрінуде. Мектеп директоры Д. Алдакеев, оқу ісінің меңгерушісі Ш. Тұрсынова, әдіскерлер Қ. Махамбетжанова, Б. Жанысовалар ұстаздардың жұмыс жасауына барлық мүмкіндікті жасап, олардың шәкірттермен шығармашылық байланыста болуына үнемі көңіл бөліп отырады.



Оқушылар үйінде әдістемелік жұмыс жоғары деңгейде десек артық айтқандық болмас еді. Жас ұстаздармен семинар, байқаулар, «Жылдың үздік ұстазы» шығармашылық жұмыстар конкурстары жоспарлы өтуі ұжымдағы бірауыздылықтың көрінісі. Тәжірибелі ұстаздар – жоғары санатты, ҚР Білім беру ісінің үздігі Сәуле Үлкенбаева (вокал), Мәлік Малжанов (баян), Серік Сәдірейім (экология), ақын-композитор Досжан Жолдасов (домбыра), ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, әдіскер-ұстаз Марат Жанбосыновтар «Жас ақындар» клубының жетекшісі ғана емес, жас мұғалімдердің де білім берудегі жол сілтер, бағыт-бағдар берер бағдаршамы дерсің. Майра Сыралиева, Айгерім Разбекова, Айдана Мыса апай-ағайларымызға шығармашылық жолда табыстан табысқа жете беріңіздер дейміз.

Жұма-Нияз-Қорқыт-Маратұлы,
№9 оқушылар шығармашылығы үйі оқушысы.

Алматы қаласы.

Мамандық таңдау

Жақында Үстірт орта мектебінде 9-сыныптардың оқушылары және олардың ата-аналары, сонымен қатар мектеп психологтары А.Сырлыбаева, А.Лепесова және жас мамандардың қатысуымен «Мамандық – өмір бастауы» тақырыбында кездесу болып өтті.

Кешті мектебіміздің орыс тілі және әдебиеті пәні оқытушысы Айсулу Есетова ұйымдастырды. Кештің мақсаты: мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу, сонымен қатар адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Елбасы Н.Назарбаев бір сөзінде «Шеберліктің шыңына жеткен адам ғана мамандықты таңдайды, мамандықтың жаманы жоқ, тек оны сүйе білу керек» деген еді.

Шаштараз бен етікшінің өзі де мамандық деген, демек мамандық таңдау тағдырынды таңдау деген сөз, кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау жауапкершілікті және маңызды іс, әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне қарай мамандық таңдау керек. Осы орайда мектеп психологы А.Сырлыбаева «Өмірмен байланыс» бөлімінде оқушыларға «Өздерің тұратын ауданыңызға қандай мамандық түрлері қажет деп ойлайсыңдар?» деген сұрақ қойды. Бұл сұраққа оқушылар жарыса жауап беруге тырысты. Мысалы: Каспий теңізіндегі жыл сайын қырылатын итбалықтар, киіктердің жаппай қырылуы елімізде көбейіп кетті, осыларды зерттейтін, себептерін анықтайтын мамандардың жоқтығы қынжылтады. 9-сынып оқушысы А.Жақсылықов: «Мен осындай келеңсіздіктердің алдын алу немесе болған жағдайда ем шараларын дер кезінде анықтайтын арнайы маман иесі болғым келеді» - десе, дәрігер болғысы келетін Ж.Лукманова: «Қазіргі таңда дәрігерлер жетіспейді, көптеген жас мамандар қалада жұмыс жасағанды ұнатады, ауылдық елді-мекендерге келгісі жоқ, ал мен болсам дәрігер болып ауданымың денсаулық саласына өз үлесімді қоссам деген үмітім бар» - деді.

Әрине, әр оқушының таңдауы әртүрлі, дегенмен қандайда бір мамандықты игеру үшін ең бастысы мектеп қабырғасында тиянақты оқып білім керек екендігін сынып жетекшісі А.Есетова тереңірек түсіндіріп өтті. Кешке қатысқан ата-аналар Г.Бозаева және А.Қараевалар ұл-қыздарына бағыт-бағдар беріп, білім саласында елеулі еңбектерін көрсетіп жатқан ұстаздарға ризашылықтарын білдірді. Осындай кештердің арқасында ұл-қыздарымыз заман талабына сай мамандықтарды таңдайды деп сенеміз.

Сания ОТАҒАЛИЕВА,
Үстірт орта мектебі химия пәні мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Қазақ халқы әуелден-ақ бала тәрбиесіне айырықша мән беріп, оны ата-ананың борышы санаған. Өйткені бала болашақ иесі. Дүниеге ұл бала келсе ырымдап ұлым ұрпағымды жалғастырушы, қыз дүниеге келсе ырысым келді, қыз қонақ екі елдің арасын біріктіруші көпір іспеттес деп сөйлеген. «Жастай берген тәрбие жас шыбықты игенмен бірдей», балаға мектеп табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ жақсы-жаманды үйрету керек. Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Көп ата-аналар балаларын тәрбие жағына келгенде балабақша немесе мектепте мұғалімдеріне ысырып тастайды, олай жасаған қателік деп ойлаймын. Бала бауыр етің, мектепте бала тәрбиесі мен біліміне

Тәрбие - тал бесіктен басталады

ұстаздары назар аударса, үйде міндетті түрде ата-ана қадағалау керек. Жан-жақты тәрбиемен білім алған бала жаман болмайды деп ойлаймын. Соның үшінде қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Бала ата-анаға қарап өседі, кейбір ата-аналарымыз күнделікті күйбең тірліктің қамымен бала тәрбиесіне салғырт қарауда. Сол себепті де балалар ғаламтор желісіне отырып өзіне қажет емес дүниелермен айналысып кетеді де психологиясы бұзылады. Соның үшін де отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі тәрбие беру. Тәрбие тал бесіктен басталады. Отбасында әке мен ана басты рөл атқарады. Құсқа екі қанат қалай керек болса, балаға да әке мен ана сондай қажет. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтылмаған. Бала отбасындағы тәлім-тәрбиені әке мен анадан алады. Қазақ «Балапан қыран болу үшін, оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек» - деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқтаған. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Гульмира ИБРАШОВА,
Үстірт орта мектебінің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Өйткені олар – ертеңімізді жасайтын бүгінгіміз. Жастарға деген үлкен сенім мен зор үміттің артылатыны бесенеден белгілі. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де – осы жастар.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

«Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі» заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істей алатын, жаңа ақпараттық технологиясын шебер меңгерген тұлға тәрбиелеп келеді.

• Біздің колледжде

Жақсы жолға қойылған



Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі директорының оқу-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары Г.Жаңбырова мен колледждің қосымша білім беру педагогы Н.Аюпованың ұйымдастыруымен студент жастардың колледж өмірінің түрлі салаларын дамытуға қатысуы мен ролін арттыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық мәнге ие кәсіптік бағдар қызметіне тарту, студенттердің ұжымдық жауапкершілік сезімін қалыптастыра және бекіте отырып мұғалім мамандығының беделін арттыру мақсатында колледжішілік «Мамандықтар шеруі – 2016» байқауы өткізілді.

Бұл байқауға колледжімізде оқытылатын жеті мамандықтар бойынша әр курстан 1 студент қатысты.

- 1) «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
- 2) «Математика мұғалімі»
- 3) «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»
- 4) «Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі»
- 5) «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру»
- 6) «Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі»
- 7) «Бастауыш білім берудің мұғалімі»

Байқау төрт кезеңде өтті:

- бірінші кезең – «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» – мамандығына сәйкес ашық сабақтар өткізу (сабақтың өткізу уақыты: 45 минут).

- екінші кезең – «Менің мамандығым – менің мақтанышым!» (мамандықты жарнамалау, бейнеролик, слайд, визитка тағы басқа үлгіде, ұзақтығы: 5-7 минут).

- үшінші кезең – «Сұраққа дайын жауабым» (зияткерлік жылдамдық сұрақтары, бір сұраққа ойлану 1 минут).

- төртінші кезең – «Мен – өз елімнің патриотым!» (өз мамандығына байланысты жоба қорғау, ұзақтығы: 10 минут).

«Мамандықтар шеруі – 2016» байқауының қалған үш кезеңдерінде қатысушы топ студенттері өздеріне берілген тапсырмаларын орындап шықты, байқау соңында әділқазылар алқасы өзара ақылдаса отырып әділ бағаларын берді.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Студенттердің мұғалім болып қалыптасуына күшті құралдардың бірі – оқытушыларының жеке үлгісі мен педагогикалық және ғылыми іс-әрекеттері. Жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде сабақты өткізу, аудиторияны көре білу, жоғары педагогикалық мәдениет, ұйымдастырушылық қабілеттілігі. Сол себепті студенттер арасында түрлі сайыстар және әртүрлі мәселелдегі педагогикалық тәрбие колледжімізде жақсы жолға қойылған.

Назым АЮПОВА,
«Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі» қосымша білім беру педагогы.

Маңғыстау облысы.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша берілетін рухани-адамгершілік білім негіздері жаңа ғасырда, жаңаша бақытты өмір сүруді қалайтын, қоршаған табиғи ортаны сақтауға мүдделі, өзіндік көзқарастары мен дүниетанымы терең,

• **Оза шауып бәйге алды**

барлық оқушыларымыз аудандық білім бөлімі басшысының мақтау қағаздары мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

Осы орайда өзін қызмет жасайтын мектеп ұжымы атынан өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде

өзі де бақытты болып, өзгелерді де



Байқау жеңімпаздары

айналадағы адамдармен тіл табысуға, түсінуге ұмтылатын, болашақ ұрпақтың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Осы орайда жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие мен оларды адами ізгі қатынастарға үйретуде «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің орны ерекше. Сондықтан да балаларға деген махаббат, әрбір баланың жеке даралық қабілеттерін құрметтеу, шыдамдылық, «ізгі ақыл» мен «жылы жүрек» «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің ең басты қасиеттері болуы тиіс. Осындай қасиеттермен әрдайым өзгелерден ерекшеленіп жүретін мектебіміздегі өзін-өзі тану пәні мұғалімдері – Алпеш Таубаева, Кумискуль Баймуратова және Мунсыз Дыханова.

Олар өздерінің бойындағы ізгілік пен мейірімділік қасиеттерін шәкірттеріне де сіңіре білген жандар. Соның арқасында Алпеш Амитқызы мен Мунсыз Куанышбекқызы шәкірттері өзін-өзі тану пәні аясында өткізіліп жүрген бірнеше аудандық байқаулардың жеңімпаздары. Олардың қатарында Қармақшы ауданында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп жүрген «Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты онкүндігі шеңберіндегі «Мейірімділік – Жүректен» көрме байқауы, «Ән – көңілдің ажары» ән байқауы мен «Мейірімді жүректен» тақырыбында театрландырылған қойылым байқаулары.

Үстіміздегі жылы №250 мектеп-лицей базасында өткізілген «Мейірімділік – Жүректен» көрме байқауында мектебіміздің шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар III орынды иеленді. Ал «Ән – көңілдің ажары» деп аталатын ән байқауында 4-сынып оқушысы Фариза Ескеренова «Әке-ана» әнін нақышына келтіріп орындап, көрермендердің көзайымына айналды. Театрландырылған «Мейірімді жүректен» қойылымдар байқауында оқушыларымыз Ғабит Мүсіреповтың «Өлімді жеңген ана» атты шығармасын сахналап, II орынды иеленді.

Байқауға қатысып, жеңімпаз атанған

бақытқа жеткізсем деп жүретін Алпеш Амитқызы, Кумискуль Рамазанқызы мен Мунсыз Куанышбекқызына шығармашылық шабыт пен толағай табыстар тілемекпіз.

Г. КОЖАГУЛОВА,
№275 орта мектеп директорының бейінді оқыту жұмыстары жөніндегі орынбасары.

Қызылорда облысы.



Қайрат ТУЛЕГЕНОВ,
А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мұғалімі.

Спорт – даңқын, жеңісін

Зор байлық адамға, спортты қолдаған, Атағы заманға, жеңімпаз болса адам. Көк туын көтерген, чемпион осы елден.

Жеңісі саған да, елім деп арнаған.

Ел даңқын көтерген, айналдым бағыңнан,

Жұлдыздар осы елден, атағы табылған.

Қазақтың данасы, баршаның баласы, Көк байрақ желбіреп, арқаға жабылған.

Ел туын көтеріп, әнұран ойнаған, Арманың өтеліп, мақсатың ойлаған. Мәңгілік жері нұр,

Қазақтың елі бұл,

Спорттық жеңісін, сен үшін тойлаған.

Бауырға баладың, жеріме сыйғанды, Ар-ождан намысын, еліне қиғанды. Спорттық жеңісін, атаған ел үшін. Мың алғыс айтамыз, Данияр серіге иманды.

Болашақ шырағын, жағатын Астанам, Мәңгі ел бұлағын, нұрлы ер бастаған.

Ардақтар елің бар, бойында сенім бар, Спортшы ұраның, «тек алға» бас кадам!

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.

Ұстаз шығармашылығы

Құттықтаймыз!

Шымкент қаласының тұрғыны Нұсқабаева Роза Мұсабайқызын 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Әлемдегі



бар жақсы тілекті арнап, мықты денсаулық, ұзақ өмір, таусылмас бақыт тілей отырып, әрдайым шығар асуларың биік болсын, ұлқыздарыңның рахатын көр дей келе, мына өлең жолдарын арнаймыз:

50 жас құтты болсын, тілегіміз, Әрдайым бірге соғар жүрегіміз. Қосыңыз 50 жасқа елу жасты, Еселеніп қайрат, күш-жігеріңіз.

Ден сау боп, еңбегіңіз жана берсін, Мейірімге перзентіңіз қана берсін. Ортаңыз қуаныш пен досқа толып, Мерейтой зор бақытын ала келсін.

Тілек білдірушілер: Анап – Кәрима, ағаларың мен інілерің, жеңгелерің, келіндерің, сіңлілерің мен күйеу балаларың. Оңтүстік Қазақстан облысы.

Аялы алақан Көмек ретінде табысталды

БЫБРАЙ Алтынсарин орта мектебінде «Жақсылық жасай білейік» акциясы аясында мектепшілік жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеге мектептің үшінші сынып оқушылары өз үлестерін қосты. Оқушылар өздері үйден пісіріп



әкелген тәтті тағамдарын сатып, түскен қаражатты «Қамқоршылық кеңесі» қоғамдық қорына тапсырды. Қор түскен қаражатты әлеуметтік көмекті қажет ететін балаларға табыстады.

Болшағамыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қолдан келер жақсылығымызды аямалық!

Дамегул АЯПОВА,

Ы. Алтынсарин орта мектебінің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Меншік иесі: «Қазақстан мұғалімі» ЖШС

Бас редактор
Мынажадин
СЕРМАҒАМБЕТОВ
Тілші
Гүлжанат ИХСАНОВА
Беттеуші
Айнұр ЖАШИБАЕВА

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050052, Алматы қаласы, Садовый бульвар көшесі, 1А (Жандосов және Яссауи көшелерінің қиылысы).
ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор: 8 (727) 293-61-59.
Бөлім: 8 (727) 293-61-43, 8 (727) 390-06-33.
Моб.: 8 705 776 24 86
E-mail: kazmugalimi@mail.ru. Сайт: kazmugalimi.kz
Газет «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үй.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №150 куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетті жарияланған материалдарды редакцияның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді. Жарнама мәтінінің мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет материалдары «Қазақстан мұғалімінің» компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі. Газет индексі 65354. Таралымы 1000. Тапсырыс 294. М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10